

**ҰЛЫ ДАЛА ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ БОЙЫНША БІЛІМ ҚОРЫН
ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ҚАШЫҚТАН ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ
МУМКІНДІКТЕРИ**

Ескеева М.К.

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҮУ

туркітану кафедрасының профессоры, ф.ғ.д.

Әрбір азаматтың үйлесімді де табысты өмір сұруінің негізгі көзі болып табылатын білімге қойылатын талаптар жыл өткен сайын өзгерістерге түсіп, білім қорын тұрақты жаңғытып отыру, ақпараттық қорларды тиімді пайдалана білу, шет тілдерін менгеру әрбір маманға өмір бойы оқып үйренудің қажеттілігін көрсетуде. Білім беру жүйесі функционалдық дайындау тұжырымдамасынан жеке тұлғаны дамыту тұжырымдамасына ауысты. «Бұл ауысудың негізі тек приоритеттер ауысуы ғана емес, мұнда мамандарды мемлекеттік тапсырыс бойынша дайындаудан жеке тұлғаны талаптарын қанағаттандыруға көшу жүзеге асырылады. Жаңа тұжырымдама әрбір нақты адамның өз мүмкіндіктерін есепке ала отырып, соны іс жүзінде көрсету мен жетілдіру арқылы білім беруді жекелеп жүргізуңдің сипат алғанын көрсетеді» [1]. Жоғары және жоғарыдан кейінгі білім беру жүйесіндегі бұл өзгеріс профессор-оқытушылар құрамы мен білім алушылардың өздерінің әртүрлі жеке мүмкіндіктеріне сәйкес алуан түрлі білім беру бағдарламаларына, оқыту технологиясына, әдістемеге өзгерістер енгізу, жетілдіру арқылы жүзеге асады. XXI ғасырдағы білім беру жүйесін жетілдірудің маңызды факторларының бірі – ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы білім алушының оқуға деген ынталасын, жеке басының когнитивті іс-әрекетке икемділігін, шыгармашылық қабілетін, кәсіби дағдысын қалыптастыру.

Үздіксіз білім беру тұжырымдамасы немесе дәстүрлі оқу барлық азаматтың жеке мұддесін қанағаттандыра алмауына байланысты 2000 жылдардан бастап қашықтан оқыту технологиясы әлемдік білім беру жүйесінде қолданыла бастады. Қашықтан оқыту технологиясы негізінен өндірістен қол үзбей оқуға, оқу үшін басқа жерге, басқа мемлекетке бармай-ақтүрғылықты жерінде білім алуға немесе екі оқу орнында қатар оқуға мұдделі азаматтардың қажетін қамтамасыз ету мақсатында жүзеген асырылған бағдарлама болғанымен қазіргі таңдағы әлемдік пандемиялық ахуалда білім беру жүйесін үзбеудің әрі білім сапасын төмендетпеудің тікелей жолы ретінде қарастырылып отыр. COVID-19 вирусының әлемге таралуына байланысты адамзат қаласа да, қаламаса да қашықтан білім беру жүйесінің жетістіктеріне жүгінуге тура келуде. Сондықтан үшденгейлі «6B02212–Түркітану», «7M02212–Түркітану», «8D02212 – Түркітану» білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру барысында қашықтан оқыту технологиясын тиімді қолдана білубүтінгі күннің өзекті маселесіне айналып отыр. Бұл галамтормұмкіндіктерін ұтымды пайдаланып, бағдарлама деңгейіне қарай білім алушыларға ұсынылатын электронды ресурстарды дұрыс таңдай білуге, жаңа талапқа сай электронды оқу, оқу-әдістемелік құралдар, сапалы видеодәрістер дайындауды талап етеді.

Мәңгілік ел идеясы мен Рухани жаңғыру бағдарламасының да, Ұлы дала құндылықтарын насиҳаттаудың да тарихи және гылыми-әдістемелік негізі – түркітану гылымы. Қазақ жері – Ұлы Дааланы мекендейген түркі халықтарының қара шаңырағы. Сондықтан қазақ халқының рухани-материалдық құндылықтары Ұлы Даала мәдениетінің бүгінгі көрінісін сипаттайды. Ұлы Даала

мәдениетіне қатысты пәндер кешенін «Түркітану» мамандығының оқу үдерісіне енгізу түркі халықтарының ынтымақтастығы мен рухани тұтастығына қызмет етеді. Ұлы дала мәдениетін жан-жақты зерттеп, жалпытуркілік маңызын түсіндіру, түркі халықтарының рухани-мәдени тұтастығын сақтаудың негізін құрайды. Ел тәуелсіздігімен қатар жүретін қоғамдық сананың еркіндігіне сәйкес қазақ халқының, мемлекеттілігінің тарихи тамырын зерделеп, ұлттымыздың рухани-мәдени және материалдық құндылықтарының түп-негізін саралау мемлекеттік тұргыдан өзектелуде. Түркі өркениетін сипаттайтын «зор мәдени жетістіктер шогыры даlamызға сырттан келген жоқ, керісінше, көпшілігі осы кең-байтақ өлкеде пайдада болып, содан кейін Батыс пен Шығысқа, Құнгей мен Теріскейге тараалды [2]. «Кез келген мәдениеттің орнығу, даму үдерісі томага-түйік жағдайда өтпейтіні белгілі. Түркілердің өздері бейімделген тұрмыстық-мәдени кеңістігін қалыптастыруы, игеруі, шегаралас, өзіндік өркениеті қалыптасан басқа этностардың мәдени-саяси ұстанымдары мен саяси-экономикалық даму-құлдырау үдерісінің амплитудалық шегіне де байланысты болды» [3, 7]. Ұлы дала төсіне қанат жайған түркі өркениеті өзіндік ерекшелігін сақтай отырып, батыс және шығыс өркениетімен қанаттаса дамыды.

Жаңа бағыт-бағдармен дамыған XXI ғасыр түркологиясының пәнаралық-кешенділік сипатына байланысты түркітану гылымына түркітілес халықтардың тарихын, тілін, дінін, этномәдени әлемін, т.б. рухани-мәдени құндылықтар жүйесін кешенді түрде зерттеуді; түркі мемлекеттерінің даму тарихын, заңнамалық негіздерін, саяси-экономикалық және әлеуметтік-мәдени жағдайын, дүниежүзілік деңгейдегі қоғамдық институттардың әлеуметтік қарым-қатынас жүйесіндегі алатын орнын толық қамтуды жүктейді. Сондай-ақ дербес түркі елдері мен құрамында түркі автономиялары, түркі диаспоралары өмір сүріп отырған мемлекеттердің тарихи, әлеуметтік-мәдени қарым-қатынастарын саралап, ассимиляциялық үдерістегі шагын түркі этностарының рухани-мәдени құндылықтарын сақтап қалу шараларын гылыми тұргыдан негіздеу, қарқынды лингво-контактологиялық жағдаяттағы түркі тілдеріне лингвоэкологиялық талдаулар жасау да түркітанудың үлесінде. Бұл «Түркітану» білім бағдарламаларын қашықтан оқыту технологиясы бойынша жүзеге асырудың күрделілігімен қатар түркітанудың түркітілес мемлекеттері арасындағы халықаралық гылым саласы ретіндегі мүмкіндіктерінің кеңдігін де сипаттайды.

Түркология гылымының интегративті сипатына сәйкес түркітанудың бір саласы бойынша маман дайындаумен ғана шектелмей, түркі халықтарының тарихын, тілі мен әдебиетін, философиялық дүниетанымын, мәдениеті мен өнерін, мемлекеттік-хұқықтық және қоғамдық-саяси жүйесін, әлеуметтік қатынастарын жетік меңгерген кең профильді түрколог маман дайындау заман талабы. Сондықтан «Түркітану» мамандығында оқытын білім алушылардың осы аталған мәселелер бойынша белгілі бір білім қорын қалыптастыруға, түркітанудың барлық салаларының гылыми-теориялық және методологиялық негіздерін игергеруіне мүмкіндік тудыру қашықтан оқыту технологиясының басты шартына айналуы қажет. Бұл негізінен бакалавриат («6B02212–Түркітану») білім бағдарламасына қатысты, ал магистранттар («7M02212–Түркітану») мен докторанттардың («8D02212 – Түркітану») білім бағдарламасында зерттеу тақырыбына байланысты түркітанудың белгілі саласына мамандандырылуы қажет. Соған сәйкес білім алушылардың зерттеу саласына, бағдарлама деңгейіне, гылыми мұддесіне сай электоронды ресурстарды іріктеј алуға баулу оқытушы-профессор құрамының басты міндеті.

Бәсекеге қабілетті түркітанушы маман дайындауда түркі дүниесінің рухани-мәдени және материалдық құндылықтарынан мәлімет беретін, Ұлы дала құндылықтарын түркі жазба ескерткіштері, түркі лексикасының этномәдени мазмұны арқылы сипаттайтын филологиялық; тарих, салт-дәстүр, археология негізінде айқындастын тарихи; мәдениет пен дүниетанымдық түргыдан зерттейтін философиялық-мәдениеттанымдық пәндер кешенін қашықтан оқытудың оқу-әдістемелік нұсқаулықтарының жасалуына мән берілу керек. Бұл «Түркітану» мамандығында оқытын білім алушылардың кешенді түркітанудың барлық салаларының ғылыми-теориялық және методологиялық негіздерін игергериуіне, жалпытүркілік мұddeлерді терең түсінуіне, қоғамдағы өзгерістерді дұрыс қабылдай алатын, маман болып шығуына мүмкіндік береді.

Түркітану ғылымының соңғы нәтижелері қамтылған, түркі мемлекеттерінің ұлттық идеологиясы мен даму стратегиясына сәйкес электронды оқу құралдарын дайындау да аса маңызды. Соңдықтан «Түркітану» мамандығы бойынша электронды оқу-әдістемелік әдебиет жазудың бірыңғай талаптарын әзірлеу және «Түркітану» білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын отандық және шетелдік жоғары оқу орындары кітапханаларында тығыз байланыс орнату кезек күттірмейтін мәселе. Бұл түркі мемлекеттері жоғары оқу орындарының инновациялық тәжірибесін жалпылау, оқу-әдістемелік мәселелер бойынша әріптестіктің анағұрлым перспективалы және тиімді бағыттарын талдау мен анықтау проблемаларымен ұштасады. «Түркітану» білім беру бағдарламаларын қашықтан оқыту технологиясы бойынша жүзеге асыру – білім алушылардың өзін-өзі дамытуына, білім қорын тереңдетуіне ыңғайлы білім алу үрдісін қалыптастыру. Бұл отандық және әлемдік түркологиялық электронды ресурстарды пайдалануға кең мүмкіндік ашу, білім беру ресурстарының барлық түрлерінің қолжетімділігін қамтамасыз ету мәселелерімен тығыз байланысты.

Электронды ресурстарды тиімді пайдаланып, интегративті түркітану ғылымының ғылыми-теориялық негіздерін менгерту, түркі өркениетін сипаттайтын Ұлы дала құндылықтары жайлы толыққанды мәлімет беру «Түркітану» білім беру бағдарламаларының басты міндетін құрайды. «Түркітану» білім беру бағдарламаларын жүзеге асырудагы қашықтан оқыту технологиясының мүмкіндіктері түркітілдес мемлекеттераралық ортақ түркологиялық ғылыми-білім кеңістігін қалыптастыруға ықпал етеді.

Әдебиеттер

1. Қашықтан оқыту технологиясы//zharar.kz/id/49.https://go.mail.ru/redir? type=sr& redir tud.kz
2. Назарбаев Н.Ә. Ұлы даланың жеті қыры//Егеменді Қазақстан. 21 қараша 2018 ж.https://egemen.kz/article/178090-nursultan-nazarbaev-uly-dalanynh-dgeti-qygu
3. Тұймебаев Ж., Ескеева М.Қ. Түркітанудың тарихи-лингвистикалық негіздері. –Астана: Еуразия ұлттық университеті, 2015. – 516 6.